

Бекітемін
"Аққу" бөбекжай бақпасының
меңгерушісі Ибраимова К.Т.



Жомарт күз

Тәрбиешілер: Алтаева К
Тунгишбаева А

2023

Құрметті қонақтар, ата-аналар!

Жүргізуші: Сары жібек көйлегін желбіретіп
Жапырағын ағаштардың селбіретіп,
Тойға бөлеп елімізді күзім келді.
Нұр тамшысын аспанның мөлдіретіп.

Сәлеметсіздерме, құрметті ата-аналар, әріптестер,
мінекей өлкемізге алуан түсті жапырақтармен айналаны сары алтынға
бөлеп күзде келді. Күздің келуін бәріміз асыға күттік. Ал, күз бізге мол
өнімін сыйға тартуда. Ендеше, Алтын күзімізге арналған **«Жомарт
күз»** атты ертеңгілігімізге қош келдіңіздер.

Ересектер **«Еркетай»** тобын қарсы алайық.

Ән: Күз келді.

Жүргізуші: Балалар, күзде болатын өзгерістерді тақпақпен айтып
беріндерші:

Айғаным Жетті желмен алтын күз.
Жеміс жинау салтымыз,
Жинап теріп болған соң.
Той жасайды халқымыз.

Әліби. Тілегі аман болсын ел іргесі,
Алтын күз қайта келді берекесі.
Молшылықтың жаршысы бола білді,
Алтын күз ырыс, береке, бірлік ала келді

Жұлдыз. Күзде жауын, бұлт, тұман
Сары жапырақ жауады
Сары құйын ұйытқан
Сапырады ауаны

Жүргізуші: Қарандаршы, балалар, бізге күн ханшайымы үш
айымен келе жатыр, қане қарсы алайық.

Күз: Сәлеметсіңдерме балғын балалар! Міне сағынып күтіп отырған
боларсыңдар. Мен астықты жинап табиғат-ананы қыс мезгіліне әзірлеп
қойдым. Бүгін мен өзіммен үш айымды ертіп келдім.

Аслан Мен қыркүйек айымын.
Жылы күн райымын
Аспанда құс шарлай бастады.
Алғашқы қоңырау қуантты жастарды

С Асылым. Қазанда халқымыз.
Тойшыл ол салтымыз,
Береке байлығым
Беріп тұр алтын күз.

Ж Әдемі. Күз мезгілі тамаша
Менің атым қараша
Қараша айында
Қыс қамын дайында.

Жүргізуші: Келді міне алтын күз
Сары шашты жарқын күз
Мол өнімді әр ісімен
Риза етіп халқын күз.

Алтын күз! Келіңіздер төрге шығып қонақ болып, балалардың өнерін тамашалаңыздар.

Сырғалым. Күздің қазан айында
Алма алмұрт піседі.
Жапырақтар сарғайып
Сыбдыр-сыбдыр түседі.

Арсыланхан. Көбейді құт-береке
Астық толы қамбамыз.
Құтты болсын мереке,
Алтын күзді тойлаймыз.

Мардан Көктемде егін егетін
Күзде жиын беретін.
Біздің дала бай дала.
Алтын астық айнала.

Би: Парижге барамын. Қыздардың орындауында.

Ж. Әдемай Айғаным Сырғалым
 Аяулым

К. Әдемай Жұлдыз Ұлдана

Жүргізуші: Тақпақтар.

Ханшайым. Жылы жаққа ұшпайтын
 Біздің жаққа қыстайтын.
 Құстар жүрсе жуықта,
 Жем шашуды ұмытпа.

Айтұмар. Берекесін сыйлауға
 Өлкемізге сыйласын,
 Жемістерін жинауға
 Шақырады біздерді.

Адина. Күздің қазан айында,
 Алма, алмұрт піседі.
 Жапырақтар сарғайып,
 Сыбдыр-сыбдыр етеді.

ӘН: Кап-кап тук-тук-тук

Аяулым. Жапырақ ұшты
 Суықта түсті.
 Сондада бізге,
 Қызық көп күзде.

Азамат. Құстар қайтты ән салып,
 Бұлт шарлады аспанды.
 Қыс келді жар салып,
 Күзгі суық басталды.

Ұлдана. Алақай-алақай!
 Шаттанады балақай.
 Береке-салтты күз,
 Мереке алтын күз.

Бим- Би:бом биі

Аслан-Жұлдыз

Ж. Әдемай-Арсыланхан

Мардан-Сырғалым

Азамат-Айғаным

Дамир-Асылым

Әліби-Ақбілек

Жүргізуші: Такпақтар.

Ахмади Алтын келді далаға.
Дәні бітік бидайға,
Құйып жатыр қамбаға.

Ажар. Күз келгенде тамаша,
Ән саламыз жараса.
Жеміс-жидек піскеде,
Жейміз оны таласа.

Томаш. Көрініп еліме.
Күндері мереке
Келдіғой жеріме,
Күз дейтін мереке.

Би: Құлпынай биі

Ажар. Асылым. (Себет ұстайды)

Аяулым. Адина. Томирис. Ақбілек

Айтұмар. К. Адемай. Ханшайым. Іңкәр.

Көрініс: (Би аяқтала бергенде, Әліби құлайды)

Айғаным: Токтандар-токтандар.

Айғаным: Енді не істейміз, қалай көмектесеміз?

Аслан: Сабыр сақтайық, дәрігер шақырайық.

Әліби: Жо-жок дәрігер керек емес, кәзір өзім тұрамын тез.

Айғаным: Онда дәрі ішіп ал, менде міне көп дәрі бар!

Аслан: Ауырмау үшін суық суға шомылмау керек. Бұл дәлелденген рецепт.

Әліби: Ах-х басым.

Барлығы бірге «Дәрігер-дәрігер»- деп айғайлайды.

(Жедел жәрдем машинасының дыбысы естіледі).

Дәрігер киінген Жұлдыз келеді.

Жұлдыз: Мені неге шақырдыңдар,
Қандай арыз шағымдар бар.

Балалар: Әлібиді көрсетеді, көмек керек дейді.

Жұлдыз: Қазір қарап шығайын,
Неден ауырғанын ұғайын.

Жұлдыз: А деп ауызыңды ашшы,
Тістерің орнында,
Тамағың іспеген.
Қол аяғың әлсізденген.
Қызуың ыссы екен.

Білдім неден ауырғаныңды, жеткілікті мөлшерде ағзаңа дәрумендер
жетіспеген. Көп-көп көкөністермен жемістер же.

Айғаным: Қазір күз мезгілі түстіғой, қоймаға қоңырау шалайық,
күз өнімдерін алайық.

Аслан: Дұрыс айтасың
Алло-алло қойма, бізге көкөністер мен жемістер керек. Машинаға
теріп жіберіңізші, мүмкін болса тезірек.

Машинаның дауысы естіліп, руль ұстаған ХАНСҰЛТАН
көкөністермен жемістерді теріп алып келді.

Жүргізуші: Жемістер мен көкөністер тақпақ.

Хансұлтан: Өсіретін бойыңды
Дамытатын ойыңды.
Қоянғада азықпыз,
Сәбіздерміз тәттіміз.

К. Әдемай Тал шыбығым бұралып.
Бақшаларда қызарып,
Тұрған ол мен қызыққан.
Күнге қарап ұялып.

Ақбілек: Мен моншақты шиемін,
Құмарсындар білемін.
Кетіп қалып жүремін,
Тамағына сүйегім.

Дамир: Дөп-дөңгелек сап-сары,
Ішінде бар дәні.
Қызығасың көріп,
Менің атым өрік.

Іңкәр: Пісіп тұрған алмамын
Тамсандырар бал дәмім.
Жерге сілкіп түсірме,
Ісіп кетер маңдайым.

Ән: Күз тамаша

Би: Күзгі вальс жапырақтармен би

Хансұлтан-Ханшайым
Арсыланхан-Ажар
Аслан-Іңкәр
Азамат-Әдина
Мардан-Ұлдана
Әліби- Томирис
Ахмади- Айтұмар ортада

